

**"Жоғары технологиялық өнімдер өндіру жөніндегі қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 ақпандағы № 141 бұйрығының күшін жою туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 24 маусымдағы № 521 бұйрығы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Жоғары технологиялық өнімдер өндіру жөніндегі қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 ақпандағы № 141 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11375 болып тіркелген, 2015 жылғы 9 шілдеде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Технологиялық және инновациялық даму департаменті (А.Б. Батырқожа):

1) осы бұйрықтың көшірмесін бір апта мерзімінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберуді;

2) осы бұйрықты мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі Ж. Қасымбек

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрі орынбасары -  
Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі  
----- А. Мырзахметов

2016 жылғы 4 шілде

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі  
----- Қ. Бишімбаев

2016 жылғы 29 маусым

«К Е Л І С І Л Д І»  
Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі  
----- Қ. Бозымбаев

2016 жылғы 8 шілде

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК